

УДК.159.5

**Сейфуллина Тоғжан Амангельдиевна,**

география ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

e-mail: kurmetkalievich@mail.ru

**Улыкпанова Меруерт Муратовна,**

география магистрі, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

e-mail: ulukpanova@mail.ru

**Хамитова Сая Тохтасынқызы,**

география магистрі, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

e-mail: Vasilevcki-pavel@mail.ru

**Жанғалиев Улан Құрметқалиұлы,**

Тарих мамандығының 3 курс докторанты .Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Нұр-сұлтан қаласы.

e-mail: kurmetkalievich@mail.ru

### ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАҒАНДАНУ ДЕЙГЕЙІНДЕ ДАМУЫМЕН БОЛАШАҒЫ

*Мақалада білім беру мазмұнының негізгі мақсаты оның жан – жақты әрі тұтас тұлғаны тәрбиелеудің құралы ретінде оқушылардың шығармашылықпен ойлау қабілетін дамыту, өмірдің қай саласында болмасын, еркін және дәлме дәл, жауаптылықпен ойлау қабілетін сіңіру, әр түрлі жағдайларда жинақы болуға баулу қарастырылған.*

**Түйін сөздер:** Республика, 12 жылдық білім, мектептік оқу, білім заңы.

*Перспективы развития системы образования на уровне глобализации высшего образования. В условиях изменения внешнего окружения, высокого уровня конкуренции в сфере высшего образования, увеличения степени академической свободы, необходимостью стало стратегическое планирование развития высших учебных заведений.*

**Ключевые слова:** Республика, 12-летнее образование, школьное обучение, закон образования.

*Prospects of development of education system at the level of higher education globalization. With changes in the external environment, a high level of competition in the field of higher education, increase the degree of academic freedom, the need to become strategic planning of development of higher education.*

**Keywords:** economy: Republic, 12-year education, schooling, law of education.

Білім реформасы қазір әлемнің көптеген дамыған елдерінде жүріп жатыр. Оларда бейіндік оқыту проблемасына көп көңіл бөлінеді. 12 жылдық мектеп жағдайында бейіндік оқыту мәселесін дұрыс шешудің мүмкіндігі бар.

Үшінші мыңжылдық білім беруді адам қызметінің ең бір көлемді салаларының бірі ретінде әлемге танытты, өйткені оған миллиардтан астам оқушылар ман елу миллиондай мұғалімдер тартылған. ХХІ ғасырда білім берудің әлеуметтік рөлін көтеру болашақ қоғамның жаңа парадигмаларын айқындаумен өзара тығыз байланысты.

Білім берудің негізгі мақсаты мыналар болып табылады:

өскелең ұрпақты өмірге және еңбекке толық мәнді даярлау; оның бойында жақсы қасиеттерді, еңбек сүйгіштікті қалыптастыру, заңды, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге, отанды, отбасын сүйуді, табиғатқа жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу;

экономиканың, әлеуметтік саланың, мәдениеттің, қоғамның, ғылым мен технологияның тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін жас ұрпаққа білім беру, оны жинақтау, сақтау, көбейту; [1].

Республикада тұратын халықтардың арасындағы қарым – қатынастардың әділдігіне, сондай – ақ адам мен қоғам, адам мен мемлекет, адам мен табиғат арасындағы қарым - қатынастардың үйлесімділігіне кепіл болатын өзара үйлесімді білім беру саясатын жүргізуге

кедергі келтіретін наным – сенімдерді, адасушылықты, теңсіздікті түбірімен жою;

адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтейтін, адамгершілігі жоғары, ұлттық және діни сезімдерді құрметтейтін өз елінің патриоттарын, құқықтық, демократиялық, әлеуметтік мемлекеттің азаматтарын тәрбиелеу, басқа халықтардың тіліне, дәстүрлері мен мәдениетіне құрмет сезімін тәрбиелеу;

балалар мен жастардың бойында тұтас дүниетанымды және қазіргі ғылыми дүниетанымды, этносарлық қарым-қатынастар мәдениетін қалыптастыру;

азаматтардың бүкіл өмір бойына өз білімдерін жетілдіруге ұмтылысын және соған сәйкес қажеттіліктерін ынталандырып отыру.

Білім беру мазмұнының негізгі мақсаты оның жан – жақты әрі тұтас тұлғаны тәрбиелеудің құралы ретінде оқушылардың шығармашылықпен ойлау қабілетін дамыту, сөйтіп, өмірдің қай саласында болмасын, еркін және дәлме дәл, жауаптылықпен ойлау қабілетін сіңіру, әр түрлі жағдайларда жинақы болуға баулу [2].

Қазіргі кезде ҚР – ның мектептеріндегі білім беру мазмұнының көлемін дамыған Европа елдерінің деңгейімен салыстыруға болады. Әлемдік тәжірбиеге сәйкес 12 жылдық оқытуға есептелген жалпы орта білім берудің бағдарламасын біздің оқушыларымыз 11 жыл ішінде меңгереді. Республиканың 11 жылдық жалпы орта білім беретін мектебінде қай кезде де оқушылардың артық оқу жүктемесі байқалып келеді. Оқушылардың оқу жүктемесі оларды оқуға бөлінген міндетті пәндер мен апталық сағаттарының санына, сондай – ақ оқу материалын сыныптар мен білім деңгейлерінің арасында тиімді бөлуге байланысты. Жалпы білім берудің мазмұнын экстенсивті дамытудың нәтижесінде міндетті оқу пәндерінің саны 11 жылдық мектепте 25 – ке өсті.

Бейіндік оқу бағдарламалары шығармашылық және қолданбалы деңгейлерде болуы мүмкін [3].

Жалпы білім берудің басты мақсаты - әлемдік білім беру стандартына сәйкес келетін білім берудің жоғарғы сапасын қамтамасыз ету, өзін - өзі тәрбиелеуге, өздігінен білім алуға, өзін - өзі тануға, өзін - өзі іске асыруға, өзін - өзі дамытуға және кәсіптік білім беру бағдарламаларын меңгеруге дайын, жеке және жан – жақты

мәдениетті, шығармашылық тұлғаны қалыптастыру.

Білім берудің мазмұнын қалыптастырудың негізгі үш деңгейін бөліп айтуға болады, олар: жалпы теориялық түсінік деңгейі, оқу материалдың деңгейі.

Жалпы білім беру практикасында оқу жоспарларының бірнеше түрі: базистік, типтік және мектептің оқу жоспары орындалады.

Базистік оқу жоспары - бұл негізгі мемлекеттік нормативтік құжат, білім берудің осы саласындағы мемлекеттік стандарттың құрамдас бөлігі болып табылады. Ол типтік және жұмыстық оқу жоспарларының негізгі және мектепті қаржыландырудың басты құжаты ретінде қызмет етеді.

Типтік оқу жоспарлары ұсынымдық сипатқа ие. Олар мемлекеттік базистік оқу жоспарының негізінде жасалады.

Жалпы білім беретін орта мектептің оқу жоспары базистік оқу жоспарының нормативтерін сақтай отырып жасалады. Мектептің оқу жоспарының екі түрі болады:

1) мектептің өз оқу жоспары, ол мемлекеттік базистік оқу жоспарының негізінде ұзақ мерзімге жасалады да, нақты бір мектептің ерекшеліктерін көрсетеді. (мектептің оқу жоспары ретінде типтік оқу жоспарларының бірі алынуы мүмкін);

2) жұмыстық оқу жоспары, ағымдағы жайларды ескере отырып жасалады да, жыл сайын мектептің педагогикалық кеңесінің шешімімен бекітіледі.

Біздің еліміздегі және басқа да көптеген елдердегі дәстүрлі жалпы білім беретін орта мектеп үш сатылы негізде құрылған: бастауыш, негізгі және толық.

Жалпы білім беретін орта мектептің әрбір сатысының ортақ міндеттерді шешуде оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты өзіндік функциялары бар. Олар ең алдымен базалық оқу курстарының жиынынан және базалық негіз бен оқушылар таңдаған сабақтардың арақатынасынан көрініс табады [3].

Жалпы білім беретін орта мектептің базистік оқу жоспары негізгі сабақтастық принциптерін жүзеге асыру болып табылады.

Білім беру саласында жеке адамның немесе ат төбеліндей топтың ой - өрісінен кеңірек мағынадағы келелі мәселелер туындайды. Ал сол мәселелерді көпшіліктің қабылдауы, оның көкейкестігін бұл қоғамның жана сапалық деңгейге көтерілуіне ұмтылуының белгісі,

іздену нышаны деуге болады. Бүгіндер әр қоғам мүддесінен тыс қалмайтын келелі де көкейкесті мәселенің бірі, жалпы білім берудегі 12- жылдық оқуға өту болып табылады.

Кез – келген келелі мәселенің қабылдануы, оны сезініп пайдалануы, содан барып мойындалып іске асуы бір сәттілік емес, бірнеше кезеңнен тұратын ұзақ процесс. Осы тұрғыдан алғанда бүгіндер жалпы білім беретін мектептің 12 – жылдық оқуға ауысу мәселесін сезініп, жан – жақты пайымдау қажет.

Сонымен біздің елімізде 12- жылдық оқуға ауысу мәселесіне байланысты мынадай шарттар туындайды:

Біріншіден, мемлекетіміздің өркениетті елдер қатарына ұмтылуға байланысты әлемдік білім кеңістігіне кіру қажеттігі туып отыр. бұл дегеніміз білім берудің әлемдік деңгейде даму қарқынының басты сипатына сай болуы.

Екіншіден, білім беру жүйесін сапалық деңгейде көтеру қажет, яғни еліміздің болашағына үлес қосып, оның жаңа биікке көтеретін дара тұлғалар бүгінгі оқушылар екенін ескерсек, олардың тұлға болуға жетерлік білімінің негізін қалауға мектеп қабырғасында оқыған жылдары жағдай жасасақ әлеуметтік жағдайымыз өркендеуге мүмкіндік туады.

Үшіншіден, білім берудің құрылымы мен құрамындағы өзгерістер жаңа қырында көріну қажет. Бұл дегеніміз баланың қызығушылығы мен ынтасына сай білім білім сұранысын қанағаттандыру, оқу – тәрбие жұмысын ұйымдастыруда кез – келген ситуацияны шешуге дайын, өмірдің сан алуан жағдайына бейімделе алатын дар тұлғаның негізін қалауға бағындыру.

Төртіншіден, ғылыми - техникалық прогрестің темпін, оның адамзат дамуына қосқан үлесін және бұл үрдістің алдағы оны білім ісінде ескеру, яғни ол дегеніміз аса қабілетті балалардың танымдық мүмкіндіктеріне сай білім сұранысын қанағаттандыру, оқу үрдісін ұйымдастыруда өнімді әрекетке баулу арқылы өз мүмкіндігін сезінуге, өз білімін толықтыруға үйрету.

Қазіргі уақытта 12- жылдық білім беруді ғылыми психологиялық тұрғыдан негіздеуді қажет етеді.

Болашақ мектептің методологиялық негізі, тұтастай өзіндік атқару жүйесін проектилеу

болып табылады. Ол жалпы адами жетістіктермен және мәдени - тарихи құндылықтармен әр адамның тұлғалық өзіндік қалыптасу мәселесін шешеді. Біздің көзқарасымыз бойынша 12- жылдық білім беруге ауысу қоғамдық дайындық дәрежесін қажет етеді. Өйткені шындықтағы білім беру процесі тек қоғамдық білім берудің танымдық функциясы болып табылады. Оқымыстылардың пікірінше, егер мектеп қоғамды түзетуші пән болса, онда қоғамдық білім беру танымының даму жолы ең басты мүмкіндік болып табылады [4].

Республикамызда 12- жылдыққа өтуге байқау – зерттеу жүргізуге негіз болатын бұрыннан қалыптасқан дағды, ол, мектепке дейінгі мекемелерден бастап баланың жеке ерекшелігі мен қабілетін, белгілі бір кәсіпке бейімделуін өте терең зерттеуі. Онда басшылыққа алынатын негізгі мәселелер, оқушылардың жан – жақты дамуы, оның пайымдық қызығушылығы, өнердегі қабілеті, барлық білімдік қабілеті, өз бетінше білім алу мүмкіндігі, өзін - өзі басқару қабілеті болып табылады.

Біздің қоғамымыздың саяси және әлеуметтік – экономикалық құрылымдағы қайта құрулар алдыңғы қатарға халыққа білім беру жүйесіне қойылатын жаңа талаптарды тудырды.

XXI – ғасыр мектебінің маңызды мақсаты балаларды оқытудың барысында оларды түрлі салада жеткілікті түрде күрделі білімдерді, икемдер мен дағдыларды игеруді талап ететін олардың одан кейінгі оқуына толыққанды негіз бола алатын психикалық дамудың ерекшеліктерін анықтау болып табылады.

Халыққа білім берудегі мекемелерінде жұмыс істейтін тәжірибелі психологтар балалардың мектепке оқуға психологиялық дайындығын анықтау мәселесімен жиі кездеседі. Сонымен бірге, әр психолог өзінің шамасына, теориялық қарауларына және мүмкіндіктеріне қарай 12- жылдық білім беру жүйесі бойынша енгізілген мектепке бастауыш сынып оқушыларын қабылдауда психологиялық ерекшеліктеріне байланысты қабылдауда.

Егеменді Қазақстанның өркениетті қоғам мен құқылы мемлекеттің қалыптасуы деңгейінде ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениеттілігін еркін ойлау мен білімділігін арттыру қажеттілігі бүгінгі таңда туындап отыр. ҚР тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев

өзінің дәстүрлі Қазақстан халқына арнаған Жолдауында бүгінгі ХХІ ғасыр деңгейінде білім беру мен кәсіптік даярлаудағы басты міндет - әлемдік стандартқа сай алысты барлай алатын, кең ауқымды ойлайтын азаматтар даярлау қажеттігіне басты назар аударады. Өйткені, келешек Қазақстанның техникалық және ғылыми қамтымды өндірістері үшін білімді де білікті мамандар жасақтау бүгінгі күннің ісі. Көрші еліміз Қытай Халық республикасында «ХХІ ғасырдағы білімді көтеру іс жоспары» атты арнайы бағдарламасында жаңа азаматты қалыптастыру мақсаты қойылып, ұлттық рухани көзқарастарға ізгілік пен рухани-адамгершілікке негізделген идеологиялық, елжандылық тәрбиеге басты мән беруде. ҚР Білім туралы Заңның 8 – бабында ұлттық рухани құндылықтарды игерудің жолдары, оны құрметтеу, Отан тарихын меңгеру, елжандылық жан – жақты қарастырылған [5].

Қоғамдық –гуманитарлық пәндер қатарына, тарих, құқық, адам және қоғам пәндері енетіндіктен, оны білім беретін оқу

орындарында қазіргі талаптарға сай оқыту үшін, алдымен оқытудағы әдіснамалық проблемаларды дұрыс шешу қажет. Өйткені, тәуелсіздік алғанға дейін елімізде қоғамдық пәндерді оқытуда өрескел қателіктерге жол берілгені шындық. Қоғамдық пәндерді оқытудың әдіснамалық проблемаларын шешу елде қалыптасқан бірыңғай идеологияға байланысты. Идеология дегеніміз- адамдардың өмірге қарым-қатынасын білдіретін саяси, құқықтық, діни адамгершілік, эстетикалық көзқарастар мен идеяларының жиынтығы.

Ғылыми білімді қалыптастыру жүйесін құру процесі жаңа типті мектептерді ашумен, әр түрлі бағытта ғылыми білім берумен саралап, даралап оқуымен жүргізілуімен т.б. өз кезегінде құндылықтың жаңа жүйесін қалыптастыруда. Құндылықты жасаушы және оны таратушы педагогтың өзі. Әрбір педагогикалық ЖОО – ға кадрларды даярлауда мектеп пен байланысты күшейту жөнінде өзіндік тәжірибие жинақталып, өз дәстүрі қалыптасып келеді.

#### Пайдаланылғын әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. - Астана 2007. 17-бет.
2. З. Атыгаева «Пути прогнозирования спроса на выпускников в РК» // Аль Пари. №3. 2006. с.84-85.
3. Озганбаев О., Рахимбек К. «Образовании и наукв в ХХІ веке. // Высшая школа Казахстана. 2001. №4-5, с124-127.
4. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы. Астана, Ақорда, 27 июля 2007 г.
5. История конституционализма в Казахстане // Казахстан: 20 лет независимости / Под общ. ред. Б. К. Султанова. — Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2011. - С. 10-16.-408 с.

#### Сейфуллина Тогжан Амангельдиевна

**Лауазымы:** география ғылымдарының кандидаты, Тарих және әлеуметтік гуманитарлық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

**Пошталық мекен-жайы:** 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Шмидта 44.көшесі.

**Ұялы. тел:** +7 7072485942

#### Улыкпанова Меруерт Муратовна

**Лауазымы:** География ғылымдарының магистрі, Тарих және әлеуметтік пәндер кафедрасының аға оқытушысы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

**Пошталық мекен-жайы:** 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Шмидтта 44.көшесі.

**Ұялы. тел:** +7 7074681973

#### Хамитова Сая Тохтасынқызы

**Лауазымы:** География ғылымдарының магистрі, Тарих және әлеуметтік пәндер кафедрасының аға оқытушысы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

**Пошталық мекен-жайы:** 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Шмидта 44.көшесі.

**Ұялы. тел:** +7 7072485942

#### Жанғалиев Улан Құрметқалиұлы

**Лауазымы:** Тарих мамандығының 3 курс докторанты. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Нұр-сұлтан қаласы.

**Пошталық мекен-жайы:** 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-сұлтан қ., Пушкина 11.көшесі.

**Ұялы. тел:** +7 7027045584

**Жоғарғы оқу орындарындағы білім жүйесінің жаһандану дейгейінде дамуымен болашағы**

#### Сейфуллина Тогжан Амангельдиевна

**Должность:** кандидат географических наук, старший преподаватель кафедры История и социально гуманитарных дисциплин, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет г.Семей

**Почтовый адрес:** 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Шмидта 44.

**Мобильный. тел:** +7 7072485942

**Улыкпанова Меруерт Муратовна**

**Должность:** магистр географических наук, старший преподаватель кафедры История и социально-гуманитарных дисциплин, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет г.Семей

**Почтовый адрес:** 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Шмидта 44.

**Мобильный. тел:** +7 7074681973

**Хамитова Сая Тохтасыновна**

**Должность:** магистр географических наук, старший преподаватель кафедры История и социально гуманитарных дисциплин, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет г.Семей

**Почтовый адрес:** 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Шмидта 44.

**Мобильный. Тел:** +7 7072485942

**Жангалиев Улан Курметкалиевич**

**Должность:** Докторант 3 курса специальности История, Евразийский национальный университет им.Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан.

**Почтовый адрес:** 010000, Республика Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Пушкина 11.

**Мобильный. тел:** +7 7027045584

**Перспективы развития системы высшего образования в условиях глобализации**

**Seifullina Togzhan Amangeldievna**

**Position:** Candidate of Geographical Sciences, Senior Lecturer, Department of History and Social Sciences and Humanities, Kazakh University of Humanities and Law Innovation Semey

**Postal address:** 071400, Republic of Kazakhstan, Semey, ul. Schmidt 44.

**Mobile. tel:** +7 7072485942

**Ulykpanova Meruert Muratovna**

**Position:** Master of Geography, Senior Lecturer, Department of History and Social Sciences and Humanities, Kazakh University of Humanities and Law Innovation Semey

**Postal address:** 071400, Republic of Kazakhstan, Semey, ul. Schmidt 44.

**Mobile. tel:** +7 7074681973

**Khamitova Saya Tokhtasynovna**

**Position:** Master of Geography, Senior Lecturer, Department of History and Social Sciences and Humanities, Kazakh University of Humanities and Law Innovation Semey

**Postal address:** 071400, Republic of Kazakhstan, Semey, ul. Schmidt 44.

**Mobile. tel:** +7 7072485942

**Zhangaliev Ulan Kurmetkalievich**

**Position:** 3-year doctoral student of the specialty History, Eurasian National University named after L. N. Gumilyova, Nur-Sultan.

**Postal address:** 010000, Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan, st. Pushkin 11.

**Mobile. tel:** +7 7027045584

**Geary excellent renderinga Bilim gysn zhahandanu degene daumen bolashagy**